



ЫІ. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы

Ақпаратты - библиографиялық бөлім

Областная библиотека
для детей и юношества им. И. Алтынсарина
Информационно-библиографический отдел

**«Біздің заманымыздың
жазушылары!»**

Сериясы

Серия

**«Писатели
нашего времени!»**



Сайын Мұратбеков

(1936-2007)

жадынама

памятка

Қостанай, 2014

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы Қазақстанда аса танымал жобалардың біріне айналды. Оқырман қауым жалпыға бірдей оқуға ұсынылған туындыларды өте қызығушылықпен оқи отырып, автордың өмірбаяны мен шығармашылық жолымен танысады.

“Бір ел – бір кітап” акциясы Қазақстанда алғаш рет 2007 жылы бастау алған.

2014 жылы бүкіл ел Сайын Мұратбековтың “Басында Үшқараның” және “Жусан иісі” әңгімелерін оқиды.

«Көркем әдебиет жас баланы саяси қайраткерге дейін тәрбиелейді».

Лион Фейхтвангер



Халық жазушысы Сайын Мұратбековтың өмір баяны

Халық жазушысы Сайын Мұратбеков Алматы облысындағы бұрынғы Қапал ауданындағы Қоңыр ауылында 1936 жылы, 15-ші қазанда дүниеге келген. Сайынды жастайынан атасы Мұратбек бауырына салып, өсіріп-тәрбиелеген. Өз әкесі Сапарғали Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер.

Сайын Мұратбеков – қазақ прозасында орны айқын, көркемдік әлемімен баураған жазушының бірі. Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде халық құрметіне бөленген жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көркемсөз зергері, бөлекше дарын иесі Сайын Мұратбековтың алғашқы шығармалары 50-жылдардың аяғында жариялана бастаған.

Содан бергі уақытта «Менің қарындасым», «Ауыл оты», «Көкорай», «Отау үйі», «Жабайы алма», «Дос іздеп жүрмін» атты жинақтары, таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрген.

Аударма саласында Ә. Әлімжановтың белгілі роман – повестерін, сондай-ақ Г. Толмачевтің Д.Қонаев, Н.Назарбаев туралы деректі повестерін, Алекс ла Гуманың «Тас қалам» романын қазақшалаған. «Тел өскен ұл» кинофильм сценарийінің авторы.

Жазушының шығармалары орыс, өзбек, татар, украин, белорус, грузин, әзірбайжан, литва, араб тілдерінде жарық көрген.

1957–1963 жж. ҚазМУ-де сырттай оқыған, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген. 1954–1962 жж. туған ауылында колхозшы, мұғалім, аудандық, облыстық газеттердің әдеби қызметкері, 1962–1972 жж. «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті»



газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші, Көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, 1972–1977 жж. Қазақстан КП Орталық Комитетінде жауапты қызметкер, 1977–1980 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1980–1984 жж. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1984–1986 жж. «Жазушы» баспасының директоры, 1988–1991 жж. ҚЖО-ның екінші хатшысы болған. XI сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

2003 жылы «Жабайы алма» повесі үшін Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанды. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. 1990 жылы «Қалың қар» повесі үшін Қазақстан Жазушылар одағының М. Әуезов атындағы әдеби сыйлығы, 1998 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілген. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2007 жылы дүниеден озды.

СЫМБАТЫ БӨЛЕК СЫРЛЫ ӘЛЕМ

Сәбит ДОСАНОВ,
Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Күні кеше ғана жанымызда жүрген Сайын Мұратбековті еске алғанда осы ой қалам ұшына орала кетеді. Рим императоры Карл бесіншінің өлеңінде: «Патшаның жақсысы болғанша, жазушының жаманы болуым керек еді», — деп өкінгені еске түседі. Ал Сайын Мұратбековтің қандай жазушы екенін ел біз айтпасақ та біледі.

Сол Сәкенмен мен алғаш 1962 жылы таныстым. Оның өзімен емес, шығармасымен. Қазақстанның әр қиырынан келіп, қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеттің Калинин көшесіндегі жатақханасында тоғысқан ауылдың қара домалақ балалары «Менің қарындасым» атты кітапты таласып тармасып оқыдық. Көлемі шағын, мазмұны бай жұп-жұқа жинақтағы жұп-жұмыр, жып-жылы әңгімелер бізді бірден баурап алды. «Қысқы демалыста ауылға келген» студенттің «соншалықты тез өсіп, өзгеріп кеткен қарындасы» көз алдымыздан кетпей қойды. «Шолақтау келген сүйкімді мұрны үнемі күлкі нышанын аңғартып, сөйлеген кезде желбіреп тұратын. Қақ жара өрген қалың қара шашының мандай алды бұрымына қосылмай, бұйралана шоқтанып біткен. Ол кейде желбіреп көзіне түсетін. Орта бойлы, қараторы жүзді, әркездегі ерке қалпында» ағасымен «таласа кетуге дайын тұратын өжет қыз» жүрегімізді жаулап алды. Толған айдай толықсып он жетіге келген. Ең бастысы, ауылдың осы бір қарапайым қызының бет-бейнесі, сыртқы тұлғасы ғана емес, мінезі, ішкі жан дүниесі де өзгерген де сол алғашқы махаббат.

Сайынды классик деп қазақ халқы да, бүкіл дүние де баяғыда мойындап қойған. Жазбаса, денсаулығы болмаған шығар, бұрынғы биігінен төмендегісі келмеген болар, жаман жазғысы келмеудің өзі де ерлік емес пе? Біз Сайынды қолдайық, осы кеңестен жіберейік, ұсынайық сыйлыққа, өзі де екі дүние ортасында қатты жатыр, еңбегін бағалайық», — деп едім, отырған жігіттердің

көпшілігі дүр етіп қостай жөнелді. Соның өзінде мен 52 пайыз дауыс алдым. Бірақ маған қарсы адам, неге екені белгісіз, мені өте өтімді адам деп ойлайды. Олар «Досанов алып кететін болды-ай» деп, аһ ұрып жүрді осы екі аралықта. Бірақ мемлекеттік сыйлықты алмағаным аздап жүрегім ауырғанымен, талай тоқпақ жеп үйреніп қалған адаммын ғой, бойымды тез жинап алдым. Себебі менің ренішімнен гөрі қуанышым басымдау еді.

Мен Сайын ағамның сыйлық алғанын ести сала, үлкен шок гүлді сатып алдым да, таудағы үйіне тіке тарттым. Бірінші болып құттықтаппын. Бұған дейін менің Одақтағы проза кеңесінде айтқан сөзімді оған біреулер жеткізген екен. Мәриям жеңгеміз: «Ағаң саған бұрын да риза еді, ауырып жатса да риза болғанын білдірді», — деді. Сайын ағамның жанына екі рет барып едім, мені танымады, тек кетерімде қоштасайын деп үшінші рет барып, құшақтап едім, көзін ашып, мені танып, қолымнан қысып, жібермей қойды. Ризалығын, қуанышын осылай білдірді. Сол бір сәт күні бүгінгі дейін көз алдымда.

Сайын Мұратбековтің шығармалары — сымбаты бөлек сырлы әлем. Оның «Менің қарындасым», «Ауыл оты», «Көкорай», «Дос іздепжүрмін», «Қалың қар», «Өліара», «Отау үй», «Жабайы алма» атты прозалық кітаптары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған асыл қазына.

Сайын Мұратбеков «Менің қарындасым» атты алғашқы әңгімесімен-ақ отызға жетпей орда бұзған, қырыққа жетпей «Күзгі бұралаң жолмен» шеберлік дейтін шыңға шыққан хас талант қой. Өзі қандай сымбатты болса, шығармалары да сондай сұлу емес пе? Жаны да жаңа жауған ақша қардай аппақ еді. Алла берген өлшеулі ғұмырмен ағамыздың артында уақытша қалып тұрған біздер бүгін сырға толы ғұмыр тоқтаған жылдан соң да, одан кейін де, жүректің оты жеткенше, бұ дүниеден өткенше: «Сымбаты бөлек, сұлу ағам-ай!» деп еске алармыз. Сайынның жаны қандай мөлдір болса, ол жазған шығармалар да сондай мөп-мөлдір. Ол халқымен бірге жасай беретін қайта тумас, қайталанбас хас талант.

Қалихан, Әкім, Қабдеш, Рамазан, Сайын әдеби ортада «Бес тапал» атанған достар еді. Олардың бойлары аласалау болғанмен, арманы биік, ойлары терең. Сол екеуінің — Рамазан мен Сайынның өмірден ерте кетіп, терең теңіздердің ерте тартылғаны өзекті өртейтін өкініш. Екеуі де өзі өлсе де сөзі өлмейтіннің өзі ғой. Қалған қазақ аман болсын деп тілейік. Андрей Битовтың сөзімен айтсақ: «Әлемнен әдебиетті алып тастаса, сықырлаған қару мен сыңғырлаған тиындар ғана қалады». Алла азаматты сол апаттан сақтасын!

Жазушының жұбайы Мәриям Мұратбек келінінің аузынан естідік. Тек шығармалары арқылы танытын жазушының өз өміріне де үңіліп, жете танығандай болдық.

КҮТТІРМЕГЕН МАХАББАТ

Сайынның да балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген. 1941 жылы әкесі майданға аттанған. Шешесі



42-жылы колхоздың жұмысынан зорығып, дүниеден өтті. Сөйтіп 5 жасар Сайын атасының қолында қалған. Келер жылы әкесі майданнан жаралы болып оралып, қайта шаңырақ көтереді. Кейінгі шешесі Сақыпжамал өте жайлы кісі болған. 5-сыныптан соң анасы қалада оқысын деп Сайынды Талдықорғанға жібереді. Негізі Алматы облысы Қапал ауданындағы Қоңыр ауылынан ғой. Оқуды бітіргесін КазГУ-дың журналистика факультетіне тапсырып, түсе алмай қалады. Қайтып барып, Кербұлақ ауданына қарасты Сарбұлақ совхозында бір жыл мұғалім болады. Келер жылы журфакқа қайта тапсырады. Балы жетпей, Театр және көркемсурет институтына (қазіргі Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясы) қабылданады. Оспанхан Әубәкіров екеуі қатар түседі. Сайын Театр институтында Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Нүкетай Мышбаева, Әмина Бапина, Фарида Шәріповалармен бірге оқыды. Мерекелерде қабырға газет шығарыңдар десе, Оспанхан екеуі лыпылдатып тұрып жазады екен. Ал актерлік шеберліктері мүлдем жоқ. Содан I курсты бітірген соң мұғалімдер: «Екеуің түсе алмай қалсаңдар, қайта келіп оқырсыңдар. Адаспай одан да КазГУ-ге барыңдар. Журфакқа тапсырыңдар», – дейді. Содан қайта тапсырып, журналистикаға түседі. Ол кезде мен Сайынды аса жақсы танымаймын. Кішкене күнімде мені шешемнің ағасының бауырына салып берген. Нағашыларымның қолында өскем. Туған әке-шешем мұғалім болатын. Сайындардың ауылына әкем – директор, шешем – мұғалім болып барып, жанұямыз сонда тұратын. Әкем 37 жасында қайтыс болып кетті де, шешем шиеттей бес баламен жесір қалды. Содан нағашым: «Барып анаңа көмектес. Үлкейіп қалдың, бауырларыңа бас-көз бол», – деп шешеме жіберді. Содан бастап Қоңырда тұрдым. Сайынмен алғаш танысқаным 1953 жылы.

Содан бастап көрген жерде амандасып жүрдік. Оқу бітіріп келіп, ауылдың емханасына жұмысқа тұрдым. Сайынның анасы сол жерде акушер екен. Білмегенім болса, сол кісіден сұраймын. Бір жолы Сайын баспа (ангина) болып, бір апта ауруханаға жатты.

Сол жылы үйлендік. «Мектепті қалада бітірдім. Қазір де қалада жүрмін. Өйтсем ауыл өмірін жаза алмаймын. Одан да сырттай бөлімге ауысайын, – деді де, Сайын III курста сырттайға ауысып кетті. Ауылдың газетінде редактор әрі колхоз басқармасына көмекші болды. Сөйтіп ауылда тұрып жаттық. Үйленгенімізге екі жыл болғанда-ау деймін, мені аудандық партия комитетіне шақыртты. Бірінші хатшы Алыбаев деген ағай мені аудандық перзентханаға басшы еткісі келетінін жеткізді. Мен отбасым бар екенін, жолдасым колхоздың шағын тиражды газетін шығаратынын айттым.

– Ол кім? – деді.

– Сайын Мұратбеков.

– Онда есіме жақсы салдың. Аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы етіп кімді қойсақ деп жүр едік, дұрыс болды. Енді келесің бе? – деп күлді. – Жарайды, – деп 4-5 күннен соң жаңа жұмысқа кірістік. Бір жылдан соң Алматыға көшіп келдік. Әуежай жақтан пәтер жалдадық. Сәкең «Жетісу» газетіне жұмысқа тұрды. Одан «Қазақ әдебиеті» басылымына ауысты.

«ЖУСАН ИІСІ» ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Сайын көбіне түнде жазатын. Күзде қарлы жауын жауады ғой. Әсіресе сол кезді қатты жақсы көретін. Ондай уақыттарда жұмыстан келе сала жазуға отыратын. «Алғашқы қар», «Қысқы кеш», «Ананың арманы», «Отау үй» әңгімелерін, «Қыран құс көк жүзін шарлап кетті» атты очерк-диплом жұмысын сол әуежай маңындағы үйде тұрғанымызда жазды. Төрт-бес жылдан кейін қаладан пәтер берілді де, сонда көштік. Ол үйде «Көкорай», «Күсен-Күсеке», «Жабайы алма», «Жусан иісі», «Басында Үшқараның» сынды шығармалары дүниеге келді. «Жусан иісін» жазып біткен соң ол керемет көңіл күйде жүрді. Сірә, оқырман қауымға, балаларға ұнайтынын сезген шығар.

Аянның ертегі айтатындығы Сайынның өзіне аздап келеді. Бірақ, Аянның прототипі бар. Ол – ауылда тобығы тайғандықтан, аяғын қисандатып, сәл ішіне басатын Ұзақбай деген бала. Сол баланың тағдыры шығармаға арқау болған. «Жабайы алмадағы» Қанат та өмірде бар адам. Қанаттың тағдыры – Сайынның ауылындағы Науқан деген баланікі. Оның да әкесі соғыста қайтыс болған. Шешесі соғыс уақытында колхоздың жұмысынан зорығып өлген. Қазір Науқан ауылда тұрады. Ақсақал болды. Он алты баласы бар. «Жабайы алмадағы» балалар Сайынның ауылындағы «Қызыл жұлдыз» бригадасының балалары.

Ал «Басында Үшқараның» деген әңгімедегі Әсет – Сайынның өзі. Бір жылы Бердібек Соқпақбаев, Тахауи Ахтанов, Сайын үшеуі Қапалдағы Сайынның атасының жайлауын аралап, Бұрхан бұлаққа барып қайтқан. Келгеннен кейін ойыма бірдеңелер келіп жүр. Бір шығарма жазсам ба екен деп жүрді. Келер жылы Әкім Тарази өз ауылының жайлауына шақырып кетті. Содан келді де, күзге салым «Басында Үшқараның» әңгімесін жазып шықты.

«Мұң жапырақ» деген повесі болатын. Шағын үзіндісін бір журналға жариялаған да: «Аса жақсы жазылған жоқ. Өзіме ұнамады», – деп жүрген. Бірде үйге кірсем пештің алдында керек емес қағаздарын, біраз қолжазбасын бұрқыратып жағып отыр. «Мұның не?» – десем, ««Мұң жапырақ» жақсы шыққан жоқ. Өртеп жібердім. Ойланып қайта жазармын», – деді. Бірақ, қайта жазуға отыра алмады. «Енді бір үлкен дүние жазсам, соған отырсам», – деуші еді. Үлгермеді...



САЙЫН СЫЙЛАСҚАН АДАМДАР

Сол уақыттағы ақын-жазушылардың біразымен араластық. Сайынның жолдасы көп еді. Жүмекен Нәжімеденов, Әбіш Кекілбаев, Зейнолла Серікқалиевтармен бір жүрді. Әкім Тарази, Қалихан Ысқақ, Рамазан Тоқтаров, Қабдеш Жұмәділовтермен жақсы араласты.

Жұрт оларды «бес тапал» дейтін. Қалиханмен көп қалжыңдасатын. Әнуар Әлімжановпен де аралас-құралас болдық. Жүмекенмен тіпті ерте араластық. Жанұямызбен бірге жүретінбіз. Бірде Жүмекеннің үйі қонаққа шақырды. Әбіш ол кезде студент еді. Ол да барды. Үшеуі таңға дейін әңгімелесті. Балалармен қонып қалдық. Жүмекеннің әйелі Нәсіп екеуміз біразға дейін әңгімелерін тындап отырдық. Бақсақ, Жүмекен мен Сайын – мінезі жұмсақ, көп сөйлемейтін адамдар ғой.

Жазушы болғандықтан, менің ғана Сайыным емес, сайын даланың Сайыны ғой дейтінмін. Достарының ішінде Зейнолла Серікқалиевпен мінезі ұқсас тұғын. Екеуінің де жүрегі жылы, иі жұмсақ еді. Сайын оны Зейніш дейтін.

Кейін Фурманов көшесінің бойына көшіп бардық. Онда Сырбай аға Мәуленовпен көрші тұрдық. Жақсы араластық. Ал қазіргі үйімізде бір кездері бірге оқыған Асанәлімен көрші болдық. Онымен жолдас емес, ағайын адамдар сияқты болып кеттік. Майра қайтыс болып, артынан екі ұл қатар кеткен соң Асанәлілер бұл үйдің іргесі жақпады деп, жаңа үйге көшіп кетті. Біз Сәкеннің денсаулығына байланысты тау жақтағы саяжайға кеттік.

Сайынның мінезі өте ұстамды болатын. Көп сөйлемейтін. Айтқысы келгенін ойланып барып қана айтатын. Бір қызығы, жазудан басқа ештеңеге ебі жоқ еді. Үйдегі бір бұзылған нәрсені жөндеу, шеге қағу сынды жұмыстарға қырсыз болатын.

ОЛ МЕЙІРІМДІ ӘКЕ ЕДІ

Жұрттың көбі жазушының балаларына қандай тәрбие бергенін, олардың нендей мамандық игергенін білгісі келеді ғой. Үлкен қызымыз Райгүл әкесіне қатты жақын еді. Оқыған кітаптарын, алған әсерін айтып жүретін. 7-сыныпта сынып сағатында «Жусан иісінен» үзінді оқып берді. Балалар ұйып тындапты. Аянға жаны ашып, қыздардың көбі көзіне жас алыпты. Содан мұғалімі: «Балалардың тағдырын жазған жазушы Сайын Мұратбеков – Райгүлдің ғана емес, барша баланың әкесі», – деген ғой. Мұны кішкентай Райгүл түсінбей: «Ол – тек менің әкем», – деп сыныптан шығып кетіпті. Үйге жылап келді. Содан мен «Апайың «Жусан иісін»



әкең тек саған емес, бүкіл балаларға арнап жазған дегенді айтқан. Сен дұрыс түсінбейсің», – дедім. Қызым сонда ғана ұқты. Райгүл Мұқағали аға Мақатаевтың баласы Айбармен бір оқыды. Сабақта Айбар көшіртпейсің деп Райгүлді ренжітеді екен. Басында көшіртпей жүрген біздің қыз біраздан кейін дәптерін беруге көніп жүрді. Біраздан соң Айбар: «Мен көшіріп отырам ба, тапсырманы одан да үйіңнен екеумізге екі дана етіп жазып кел», – дегенге көшіпті. Айбарды айтып, әкесіне үнемі шағымданатын. Сонда Сайын: «Қой қызым, Айбарға ренжіме. Ол – сенің бауырың, Мұқағали атаңның баласы», –

дейтін де қоятын. Райгүліміз ағылшын тілінің маманы болды. Кандидаттық та қорғады. Докторлық жазамын деп, Американың Атланта қаласына барып, біраз материалдар жинап келген. Миына қан құйылып, кенеттен қайтыс болып кетті. Зорығып кетті ме екен деп те ойлаймын. Әлім – Халықаралық қатынастарды бітірген. Қазір Қазақ-Америка университетінде мұғалім. Одан кейінгі Құралайымыз – есепші. Аудиторлық компанияда істейді.

Сәкеңе 2003 жылы сусамыр (сахарный диабет) дерті жабысты. Емделіп жүргенінде жаман ауруға душар болды. Әрі Райгүлдің қазасы қатты тиді. Бұл соққы оның дертін ушықтырып жіберді. Төсек тартып жатып қалды.

Сәкең кетерден он шақты күн бұрын Әшірбек Сығай мен Асанәлі Әшімов келіп кетті. Әшірбекті тани алмады. Асанәліге бірдеңе айтпақшы болып еді, мұрнынан қан саулап кетті. Айта алмады. Асанәлі шығып бара жатып: «Жасымыздан бірге келе жатырмыз ғой. Жолдасым кетіңкіреп-ақ қалған екен. Көпке бармайды. Көңіліңе ауыр алма, Мәкен. Бас-аяғыңды жиып отыр», – деді. Біраз күннен кейін Сайын: «Ауруды жеңе алатын түрім жоқ. Сен мықты бол. Қалған бала-шағаға ие бол», – деп балаларды табыстады. Әлімге кітапханасы мен мұрағатын тапсырды. Өмір деген көрген түстей екен ғой. Жарты ғасыр отасқан жарымның қазір жазғандарын ғана оқып отырмын. Былтыр шығармалары жайлы айтылған әдеби сын мақалалар мен Сәкең туралы айтылған естелік-эсселердің басын қосып: «Қайда сол Үшқара?..» деген жинақ шығардым. Биыл Әлім мен Құралай әкелерінің бір топ әңгімесі мен екі хикаяттың «Басында Үшқараның» деген атпен кітап етіп құрастырды. Келер жылы – ол кісінің 75 жылдығы. Оқыған мектебіне Сайынның аты берілсе деймін. Аты ұмытылмасын дегендік қой. Шығармаларын балалар оқып, көңіліне түйіп жүрсе одан асқан Сайынға бақыт бар ма?!

Жазып алған: Қарлыға АЙСАНҚЫЗЫ
// Ақ желкен. - 2010. - № 11. - 50-53 б.

ШАЛҚАР ДАЛАНЫҢ САЙЫНЫ

Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының хас шебері, классик жазушы Сайын Мұратбековтың туған жері Қоңыр ауылында қаламгердің туғанына 75 жыл толуына орай «Шалқар даланың Сайыны» атты семинар-конференция өткізілді. Оған Ескелді ауданындағы мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты. Сондай-ақ Сайынның туған інісі Ғалым Мұратбеков, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР еңбегін сіңірген қызметкері, журналисттер одағы сыйлығының лауреаты, Алматы облысының Құрметті азаматы, Сайынның қаламгер замандасы Әли Ысқабай және Ескелді ауданының құрметті азаматы, білім беру ісінің үздігі, жазушы Сайынмен бір топырақта туып-өсіп, балалық шақтарын бірге өткізкен зейнеткер ұстаз И. Дәрменбековте қатысты

Қазақ прозасының хас шеберлерінің бірі Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» атты шығармасы – кезінде қолдан қолға тимей оқылатын дүние еді...

Міне, араға жылдар салып сол шығармасы бүгінгі жаңа буын оқырмандарымен қайта жүздесті. Сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы қабырғасы қайысқан балалық шақ пен бүгінгі балалар мен үлкендердің тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсас жайттарды көзі қырақты, зерделі оқырман топ басып тани қояры ақиқат. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен де құнды.

Тамырымызды суырып әкететіндей әсер ететін туған жерге ыстық сезім «Жусан иісінің» алғашқы жолдарынан басталатын сияқты. Мұнда соғыстың қақаған шағындағы ауыл тұрмысы айтылған. Повестің соңғы жолдарын оқығанда әлдене көкірегінен үзіліп түскендей болады. Міне, осы жайттарды оқушылар барлық түйсігімен сезіне білді, жазушының осы шығармасы бойынша сахналық көріністі сомдап шықты. Әсерлі, шынайы шыққаны болар, көрермендер көздеріне жас алды. Жазушы мен оқушының ойы бір жерден шықты: «Шынында бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ал тірі болса Жусанды төбеге бір оралмауы қалай? Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой». Шығарма оқиғасы қанша қасіретке толы болғанмен, жоғары оптимистік рухтағы аяқтау бұл. Біз де осылай болуын қалар едік.

Жазушының барлық шығармаларын кітапханалық – ақпараттық орталығының көркем әдебиет секторынан алып оқуларыңызға болады.

Сайын Мұратбековтің шығармалары:

1. Мұратбеков, С. Қара құлып: әңгіме / С. Мұратбеков // Алтын бесік. - Алматы: Жазушы, 2003. - 95-97 б.
2. Мұратбеков, С. Ана арманы: әңгіме / С. Мұратбеков // Асыл ана. - Алматы, 1982. - 204—218 б.
3. Мұратбеков, С. Әжібектің әлегі / С. Мұратбеков // Желкілдеп өскен жас құрақ. - Алматы, 1986.- 3 б.
4. Мұратбеков, С. Басында Үшқараның... / С. Мұратбеков. - Алматы: Қазақстан, 2010. - 480 б. : портр. - (Замандастан мирас).
5. Мұратбеков, С. Екі томдық тандамалы шығармалар жинағы. Т. 1: повестер / С. Мұратбеков. - Алматы: Қазығұрт, 2003. - 400 б.: портр.
6. Мұратбеков, С. Жабайы алма: повесть / С. Мұратбеков; алғы сөз: Н. Оразалин. - Алматы: Ан Арыс, 2010.- 400 б.: сурет. - (Алтын қалам).
7. Мұратбеков, С. Жабайы алма: повесть / С. Мұратбеков. - Алматы: Атамұра, 2002.- 400 б. - (Атамұра кітапханасы).
8. Мұратбеков, С. Шығармалар жинағы. 1-ші т. / С. Мұратбеков. - Алматы: Өлке, 2005.- 320 б. - (Отырар кітапханасы).
9. Мұратбеков, С. Шығармалар жинағы. 2-ші т. / С. Мұратбеков. - Алматы: Өлке, 2006. - 320 б. - (Отырар кітапханасы).
10. Мұратбеков, С. Шығармалары. Т. 1. Әңгімелер / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова; алғы сөз С. Досанов. - Алматы: Ан Арыс, 2013. - 320 б.: портр.

11. Мұратбеков, С. Шығармалары. Т. 2. Жабайы алма: повесть / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова.- Алматы: Ан Арыс, 2013.- 326,[2] б.: портр.
12. Мұратбеков, С. Шығармалары. Т. 3. Повестер, әңгімелер, очерк / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова. - Алматы: Ан Арыс, 2013. - 320 б.: портр.
13. Мұратбеков, С. Шығармалары. Т. 4. Сұхбаттар, очерктер, аудармалар / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова. - Алматы: Ан Арыс, 2013.- 320 б.: портр.
14. Мұратбеков, С. Шығармалары. Т.5. Аудармалар / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова. - Алматы: Ан Арыс, 2013.- 320 бет.: портр.
15. Мұратбеков, С. Кездесу: әңгіме / С. Мұратбеков // Жұлдыз. - 2007. - № 12. - 3-12 б.
16. Мұратбеков, С. Күсен - Күсеке: әңгіме / С. Мұратбеков // Жалын.- 2006. - № 2. - 42-47 б.
17. Мұратбеков, С. Шындықты ғана жазған / С. Мұратбеков // Жалын.- 2009. - № 3. - 38-42 б.
18. Мұратбеков, С. Жайсаң жазушы / С. Мұратбеков // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 10 ақпан. - 10 б.

Жазушы Сайын Мұратбеков туралы

1. Айсанқызы, Қ. Сайын даланың Сайыны / Қ. Айсанқызы // Ақ желкен. - 2010. - № 11 - 50 б.
2. Айтхожина, М. Салқар даланың Сайыны: [Сайын Мұратбеков туралы] / М. Айтхожина // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 8 ақпан. - 10 б.
3. Арғынбаева, М. Жусан исі аңқыған / М. Арғынбаева // Жұлдыз. - 2005. - № 9. - 187-190 б.
4. Әшімбаев, С. Кемел келісім: [Сайын Мұратбеков туралы] / С. Әшімбаев // С. Әшімбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 2. Т. Әдеби сын. - Астана.- 2006. - 157-169 б.
5. Бәйге аты мүсінін жасырады // Ж. Әлиханұлы (Аупбаев). Біртуарлар.- Алматы. - 2009. - 202 б. - (Замандастан мирас).
6. Дәдебаев, Ж. Жусан иісті дара талант: [Сайын Мұратбеков туралы] / Ж. Дәдебаев // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 4 тамыз - 6 б.
7. Елубай, С. Басында ұшқараның / С. Елубай // Жалын.- 2010.- № 4. - 10-14 б.
8. Елубай, С. Басында ұшқараның.: [Сайын Мұратбеков туралы] / С. Елубай // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 13 қазан. - 4 б.
9. Жұрпарғалиева, А. Өмір жырын шерте білген / А. Жұрпарғалиева // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 31 наурыз. - 8 б.
10. Жұрпарғалиева, А. Сайын Мұратбековтың адам образын жасаудағы шеберлігі / А. Жұрпарғалиева // Қазақ тілі мен әдебиет. - 2006. - № 6. - 73-76 б.

11. Қамзин, К. Сайын даланың Сайыны: [Сайын Мұратбеков туралы] / К. Қамзин // Парасат. - 2008. - № 2. - 11-13 б.
12. Қауыпбайұлы, Т. Ұмытпайық!... / Т. Қауыпбайұлы // Егемен Қазақстан. - 2011. - № 147 (14 сәуір). - 8 б.
13. Құмарова, Ш. Сыршыл суреткер еді: [Сайын Мұратбеков туралы] / Ш. Құмарова // Әдебиет айдыны. - 2007. - 15 наурыз. - 10 б.
14. Мантаева, А. Періштелер әлемі: [балалар әдебиеті проблемалары] / А. Мантаева // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 4 сәуір. - 14 б.
15. Мұратбек келіні, М. Жібек; тей жұмсақ жан еді / М. Мұратбек келіні // Жалын. - 2010. - № 4. - 28-30 б.
16. Тілегенов, Б. Әдебиет - оның өмірі / Б. Тілегенов // Жалын. - 2010. - № 4. - 15-17 б.
17. Тарази, Ә. Мәңгілік нұр: [жазушы Сайын Мұратбеков туралы] / Ә. Тарази // Парасат. - 2006. - № 10. - 13-14 б.

С 2007 года в Казахстане, благодаря стараниям Национальной академической библиотеки, а также Библиотечной ассоциации, проводится акция «Одна страна — одна книга». Её цель - сделать казахскую литературу более популярной, сберечь и приумножить историко-культурное и духовное наследие, дать молодому поколению правильное нравственно-патриотическое воспитание.

В 2014 году компетентная комиссия выбрала для чтения по всем библиотекам страны повести Саина Муратбекова «Запах полыни» и «На вершине Ушкара».

В цветущем и плодоносящем саду многонациональной литературы молодому дереву чуткой прозы Муратбекова суждено уверенно расти и быть видным издалика.

Г. Мусрепов

Саин Муратбеков (1936-2007)

Жизнь и творчество писателя



Саин Муратбеков родился в 1936 году селе Конур Капальского района Талдыкорганской области (ныне Алматинская область).

Отец его был на фронте, когда умерла мать, и мальчика воспитывал дед. После окончания школы Муратбеков работал в целинном совхозе, начал печататься в районных и областных газетах, много ездил с корреспондентскими заданиями по республике и многое повидал.

В 1963 году будущий писатель закончил отделение журналистики Казахского государственного университета, а в начале семидесятых годов — Высшие литературные курсы при Союзе писателей в Москве. В 1959-96 гг. — литературный сотрудник газеты «Коммунизм таңы» (ныне «Жетісу»), зав. отделом, главный редактор журнала «Жұлдыз», газеты «Қазақ әдебиеті» (1977-84), старший редактор киностудии «Казахфильм» консультант, директор Бюро по пропаганде художественной литературы Союза писателей Казахстана, секретарь Правления Союза писателей Казахстана, директор издательства «Жазушы» (1984 -1991), главный редактор газеты «Халық конгресі» (1992-96), один из руководителей движения «Невада-Семипалатинск».

Саин Муратбеков, по воспоминаниям друзей, всегда был «устойчив, спокоен, смел и надёжен». Правда, порядочность, дружество - самые

великолепные и самые трудные человеческие качества. Это было для него самое главное, как в жизни, так и в творчестве.

Высоко отзывались о творчестве Саина Муратбекова главный редактор журнала "Дружба народов", классик советской литературы Сергей Баруздин и его пожизненный верный сподвижник, тоже большой и верный друг Казахстана Леонид Теракопян.

Справедливости таких оценок в самой большой степени способствовал перевод прозы Саина с казахского языка на русский, мастерски осуществляемый известным московским прозаиком Георгием Садовниковым.

Учительствуя в сельских школах, работая в областных газетах, заведая отделом прозы в самом популярном казахском журнале "Жулдыз" ("Звезда") (его тираж доходил до 200 тысяч экземпляров, не уступая знаменитому "Новому миру" Твардовского), Саин никогда не забывал про своё главное призвание — быть писателем.

Его первый сборник лирических новелл и рассказов под ласково-нежным названием **«Моя сестрёнка»** вышел в **1961** году. Как писатель, Муратбеков вышел из страны своего детства. В сборнике рассказывалось о локальном событии семейного масштаба, когда в один из приездов на зимние каникулы главный герой был «приятно поражен» младшей и единственной сестренкой Алимой, которая из озорницы-задиры превратилась в девушку-красавицу. Наблюдая за сестрой, герой вспоминает историю своей первой любви, связанной с отъездом из аула, когда он отправился учиться в город. Кусок шоссе, ведущий на станцию, стал для него единственной памятью о девушке по имени Сауле: «Она стояла и махала рукой, и мне казалось, что ее рука не прощается со мной, а зовет: Вернись, вернись...». Теперь на этой дороге стоит его младшая сестренка и провожает своего возлюбленного. Таким образом, герой приходит к мысли о цикличности жизни, ее повторяемости, о том, что время и километры «часто решают за людей. И счастливы те, кого они не разлучают...». Втайне герой рассказа надеется на то, что первое пробудившееся чувство сестренки Алимы окажется сильным, а судьба счастливой.

Саин Муратбеков умеет передать сплетение чувств, поступков, побуждений, мыслей, свойственных обычному течению жизни, самой простой и ничем особенным не замечательной. Он не ищет острых сюжетов, не рисует выдающихся или особо крупных характеров. Сюжеты у него самые обыкновенные, взятые из повседневности. Но в каждом из этих сюжетов есть поэтическое наблюдение, Муратбеков не поэтизирует будни, но умеет найти в них истинную поэзию.

Непритязательна история, рассказанная в **«Пороше»**: в зимней степи встречаются Сатай и Рабига — мальчик и девочка. Но как поэтичны строки, посвященные описанию степи, как тонко передан разговор детей, не догадывающихся о том, почему им так интересно разговаривать друг с другом. С удивительным тактом и тонким проникновением в мир детской души

показано в рассказе зарождающееся чувство, которому дети еще не знают названия.

В литературе, где об ауле писали и пишут очень много, совсем не просто обратить на себя, внимание, взяв материал, художественно исследованный признанными мастерами слова. Но у Муратбекова прозвучало незаемное — свое, свойственное его таланту, мягкий лиризм, искренность интонации. Автор «Горького запаха полыни» запомнил то, что поразило когда-то его детское сердце — доброту, благородство и смелость, широту и щедрость души. Он и начал с этих впечатлений, с того, что успел освоить духовно, что было близко и понятно ему. Люди, обладающие этими качествами, больше всего привлекают писателя. Саин Муратбеков охотнее и удачнее всего пишет о том, что любит.

У писателя есть природный дар увидеть, понять и возвысить в человеке доброе начало и сделать это без декларативности, без риторики, с естественностью истинного и глубокого чувства.

Вершиной творческих достижений Саина Муратбекова остается его известный рассказ «**Кусен-Кусеке**», вошедший в его сборник Запах полыни: Рассказы. Повесть. - М. : Известия, 1978. - 525 с.

Именно в нем полнее всего воплощено представление писателя о «корнях» и «почве», и сделано это без всяких попыток утвердить нечто в противовес чему-то, а именно так, как то органично для Муратбекова — просто рассказано о том, что мило душе писателя.

Через судьбу чабана Кусена писатель сумел показать и жизнь необъятной казахской степи, и спокойное, прочное трудолюбие ее обитателей, и аскетизм их повседневного быта, и богатырский размах праздника. Автор любит своего героя, но не любит им. Он пишет этот образ без всякой риторики, без патетических интонаций, с полной внутренней свободой. Его главный герой — чабан Кусен, хоть и бывалый человек, и войну прошел, а все равно — дитя степи, наивный добряк, чем и пользуются некоторые нечистые на руку «друзья» Кусеке. Поехав за получкой — громадной суммой, что он заработал, трудясь в кочевье все лето, — Кусен отсылает часть денег детям, а остальные тратит на подарки родичам и трехдневную гулянку. Возвратившись домой, он выслушивает брань жены, сожалеет о растроченных деньгах и решает, что в следующий раз за получкой поедет жена Айша. С тем и засыпает, довольный.

Сила рассказа в тонком психологизме, полной естественности поведения Кусена-Кусеке. Кажется, что мы не рассказ прочли, а просто пережили эти несколько дней вместе с Кусеном, побывали с ним на пастбище, гостили у его родичей... Мы сами не замечаем, как проникаемся доверительной авторской интонацией, в которую искусно вплетены и мысли Кусена, и описание степи, пастбища, жаждущих отбиться от отары овец, и все звуки окружающего мира — лай собак, мерное, меланхоличное поматывание головой Рыжего, на котором возвращается домой расстроенный и успокаивающий себя Кусен. Все объемно, выпукло, зримо, ненавязчиво. Просто течет жизнь. И никакого педалирования на трудности, хотя, конечно же, работа Кусена и его семьи нелегка, — с ним в

кочевье, в юрте, трое маленьких детей, а еще четверо где-то учатся, и им тоже надо помогать. Нет здесь ни противопоставления городу или идеализации степи и патриархальных отношений. Перед нами самая реальная жизнь во всей ее диалектической сложности.

И еще одна особенность рассказа и собственно писательской манеры С. Муратбекова. Читая рассказ, мы не задумываемся — какой, в сущности, этот Кусен герой — отрицательный или положительный? Ну, а если все же задуматься? Из ложного тщеславия отдает он сто шестьдесят рублей заведомым жуликам, пускает на ветер заработанные нелегким трудом деньги. Прямо скажем, не совсем положительный. Значит, отрицательный? Тогда почему же и мы проникаемся к нему сочувствием и даже симпатией при всем безрассудстве его поступков? Но ведь и в жизни мы относимся к своим знакомым тоже по-разному, неоднозначно?

Следующий сборник его рассказов «У теплого родника: рассказы. - Алма-Ата: Жалын, 1980», начинается повестью «Горький запах полыни», которая тесно переплетается с другой его повестью «Дикая яблоня». А объединяет их тема военного детства. В «Горьком запахе полыни» автор словно отматывает пленку своей жизни, и погружает зрителя в события 1942 года. Главным героем он делает мальчика Аяна, неординарного ребенка со сложной судьбой, вопреки всем трудностям сочинявшего каждый раз новую сказку для ребят. Горький запах полыни связывается у ребят с памятью об ушедших на фронт отцах и братьях. Впервые эта повесть вышла в 1978 году в библиотеке «Дружба народов» и принесла писателю широкую известность. (*«Библиотека „Дружбы народов“» (1971—1991) - приложение к журналу «Дружба народов», своеобразная книжная серия, выпуском которой занималось московское издательство Известия. «Дружба народов» — один из старейших ежемесячных литературно-художественных журналов России, основанный в 1939 году. Издаётся в Москве. В журнале публикуются новые произведения писателей и поэтов России и стран ближнего и дальнего зарубежья, очерки и эссе на общественно-политическую тематику, литературные обзоры и критические статьи. В качестве приложения к журналу выходили произведения некоторых авторов).*

Среди новинок этой библиотеки сборник казахского писателя занял видное место, и о ней подробно заговорила республиканская и союзная критика как о книге, ставшей своеобразной антологией его творчества за последние двадцать лет. Своеобразие повести - в умении автора передавать тонкие движения человеческой души.

В «Дикой яблоне» описывается жизнь казахского аула в военные годы. Судьба собаки Кокинай, нашедшей приют у дикой яблони, странным образом связывается с судьбами жителей аула. До войны у нее, как и у людей «были и дом, и хозяин по имени Басен, а сама она считалась лучшей охотничьей собакой в округе». Собака остается дожидаться возвращения своего хозяина с войны, не поддавшись на уговоры хозяйки Жайдар, но злые люди убивают ее щенят, после

чего она пропадает, словно ее и не было. Проклятье собаки падает на жителей аула - Бубитай, ставшую безумной и ее сына Спатая.

Трагические эпизоды повести «Дикая яблоня» перемежаются с комическими. Так, эпизод ареста Нурсулу за колосья пшеницы сменяется комическим эпизодом с тремя «невестами ефрейтора» Ырысбека. Персонажи, населяющие повесть С. Муратбекова, индивидуальны и своеобразны. Это образы героических женщин-матерей - Багилы, Нурсулу и Батики, стариков Байдалы и Шымырбая, группы ребят, во главе с неугомонным Ажибеком, колоритная фигура любвеобильного Ырысбека с неудачливым соперником Колбаем и его женщинами «гарема» - Дурий, Зибаш и Эммы, уполномоченным из района Алтаевым, неразлучными друзьями Манаром и Карлом, девочками Мари и Тоштан.

Год от года выходили у Муратбекова книги рассказов и повестей — одна другой лучше: «Нива» (1967), "Дом молодых" (1968), "Дикая яблоня" (1972), "Ищу друга" (1973), "Камен-тугай" (1974), "У тёплого родника" (1980).

В многочисленных новеллах и повестях Саина Муратбекова всегда есть мудрые начала и продолжения. Они в самой жизни, где он везде и повсюду открывал истинные творческие дарования. И все его творчество пронизано любовным вниманием к повседневным заботам и труду сельских тружеников. Во всем этом виден писатель со своим сложившимся духовным миром. По его произведениям написаны сценарии к кинофильмам «Тел өскен ұл» («Возвращение сына», 1976), «Ұлтуған» и др. Лауреат премии им. М. Ауэзова (1990). В своё время был избран депутатом Верховного Совета Каз. ССР 11 созыва, награждён орденами «Знак Почёта» и «Курмет», лауреат Государственной премии, заслуженный деятель Казахстана, лауреат независимой премии «Тарлан».

Последние годы Саин, особенно после внезапной кончины любимой дочери, тяжело болел. И если бы не жена его, невероятно преданная и заботливая Марьям, сама медицинский работник, то страдания Саина удесятерились бы. Но Марьям встала поперёк неизлечимых болезней и сотворила настоящее чудо.

Умер писатель в 2007 году, на 71-м году жизни.

На своеобразии написанного Муратбековым, на его умении запоминать и передавать не только внешние реалии жестокой военной поры или же современных ему дней, но и сам дух не просто сельского и аульного, а колхозного бытия, тонкие движения человеческой души, диалектику характера простого труженика — на этом суровом творческом великолепии единодушно и раньше сходились многие читатели, кому каждая новая книга и даже каждый новый рассказ были самым желанным явлением.

Написанное Муратбековым убеждало в том, что он тонко понимает природу жанра новеллы и рассказа. Во многом он следовал темам Шукшина, Носова, Белова, Ларина и других писателей, превосходно знающих деревню, но у Муратбекова был собственный жизненный материал, чей ёмкий национальный колорит никак не схож в психологических проявлениях не только

названных выше русских писателей, но и многих казахских литераторов, в творчестве которых аульная тема давно не была нова.

В многонациональной литературе Казахстана эту тему в художественной прозе осваивали Иван Петрович Шухов, Дмитрий Фёдорович Снегин, Ильяс Есенберлин, Иван Павлович Щеголихин, Герольд Карлович Бельгер, Маздом Сундетов, Бердибек Сокпакбаев, Александр Николаевич Сергеев, в документальной — Вениамин Иванович Ларин, Тельман Жанузаков, Олег Васильевич Мацкевич, Юрий Владимирович Шапорев... Но Муратбекову удалось войти в довольно прилично разработанную тему собственной, неповторимой походкой, никому не подражая и никого не имитируя.

Неповерхностное знание жизни, далеко не сторонняя школа её постижения, иными словами, личная причастность к её самым важным, "профессиональным" аспектам — был колхозником, сельским учителем, рабочим, студентом, журналистом, комсомольским и партийным работником и т. д. - позволяло Муратбекову нащупывать в отображаемой им современной ему и ретроспективной действительности те самые "нервные узлы", которые в создаваемой им прозе не могут и сейчас оставить равнодушным, пожалуй, даже самых инертных читателей.

Родная семиреченская земля, её честные люди и суровая школа жизни не обделили Саина ни мужеством, ни крупным талантом, ни твёрдой верой в высокое предназначение человека. Его книги - не залеживаются на библиотечных полках, их по-прежнему повсюду читают стар и млад. Потому как они в простоте и доступности речестроя всегда привлекательно-магнетичны своим искренним оптимизмом, волшебным настроем на необратимое одоление местечкового и вселенского зла во всех его ипостасях.

Каких бы жанров они ни были, свет и тепло его чистой любви к честным и живым людям созидательного труда ещё обогреют многие сердца и души.


Список произведений Саина Муратбекова

1. Муратбеков, С. Алима: рассказ / С. Муратбеков // Белая грива: сборник казахских рассказов.- А.,1968. - С.180-186.
2. Муратбеков, С. Бабушка: [рассказ] / С. Муратбеков // Казахская литература: хрестоматия. Учеб. пособ. для 10-11 кл.- А., 2004. - С. 347-360.
3. Муратбеков, С. В стороне / С. Муратбеков // Белая грива: сборник казахских рассказов. - А.,1968. - С.173-179.
4. Муратбеков, С. Горький запах полыни: рассказ / С. Муратбеков ; пер. Г. Садовникова // Встреча: избранные рассказы молодых казахских прозаиков. - Алма-Ата. - 1981. - С. 188-208.

5. Муратбеков, С. Детская шалость: рассказ / С. Муратбеков ; пер. с каз. Б. Каирбекова // Опаленное войной: повести и рассказы / сост. В.Ф. Михайлов. - Алма-Ата, 1988. - С. 190-198.
6. Муратбеков, С. Зимний вечер; Некий; Ултуган: рассказы / С. Муратбеков ; пер. Г. Садовникова // Литературный Казахстан. - 2009. - № 2. - С. 133-171.
7. Муратбеков, С. На перевале: рассказ / С. Муратбеков ; пер. с каз. Г. Садовников // АМАНАТ. - 2007. - № 140-146.

Литература о жизни и творчестве Саина Муратбекова

1. Владимиров, В. Возвращение к истокам: правдивое слово о прекрасной жизни и вечных книгах моего верного друга и побратима Саина Муратбекова / В. Владимиров // Нива. - 2008. - № 12. - С. 92-124.
2. Владимиров, В. Свет и тепло его сердца: Саину Муратбекову - 70 лет / В. Владимиров // Казахстанская правда. - 2006. - 24 ноября.
3. Муратбеков Сайын // Казахстан: нац. энциклопедия / Гл. ред. Б.А. Аяган. - Алматы, 2006. - Т. 4. - С. 58.
4. Саин Муратбеков // Писатели Казахстана: справочник / Сост. М. Ауэзов и др. - Алма-Ата: Жазушы, 1982. - 280 с.



Уважаемые читатели!
Костанайская областная библиотека
для детей и юношества имени И. Алтынсарина
ждёт вас по адресу:
Касымканова, 74
телефоны: 54-27-44 (директор),
54-11-61 (отделы обслуживания),
39-00-42 (метод. отдел),
39-00-43 (отдел обслуживания 7-11 кл. и юношества).

Библиотека в Интернете:

e-mail: albiblio@ya.ru
www.allib.org

Составители: Сайрамбаева Ж.И., Астафьева Е.А.
Компьютерный набор: Сайрамбаева Ж.И.
Редактор: Жуламанова К.М.
Ответственный за выпуск: Теплякова Н.М

